

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 шілдедегі N 1011 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 953 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 мамырдағы № 474 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 474 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 шілдедегі N 1011 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау е р е ж е с і н д е :

мәтіндегі "конкурстың жұмыс органының", "конкурстың жұмыс органы" және "конкурстың жұмыс органын" деген сөздер "жұмыс органының", "жұмыс органы" және "жұмыс органын" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Жұмыс органы тиісті жылдың 1 маусымына дейінгі мерзімде осы тармақтың шарттарына сәйкес конкурс комиссиясын құру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді." ;

мемлекеттік тілдегі мәтінде 39-тармақтың 2) тармақшасындағы "болып танылуы мүмкін" деген сөздер "болып танылады" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 39-1 және 39-2-тармақтармен толықтырылсын:

"39-1. Конкурс өткізілмеген болып танылған жағдайда, комиссияның шешімі бойынша қайталама конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланады. Ұсыныстарды берудің түпкілікті мерзімі қайталама конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күннен бұрын емес белгіленуі тиіс.

39-2. Қайталама конкурс өткізілмеген болып танылған кезде, конкурстық комиссияның шешімі бойынша Ұлттық қордың сыртқы аудитін жүргізу үшін ол туралы тиісті хаттама жасалуы тиіс аудитор немесе аудиторлық ұйым

анықталады." ;

54-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Конкурс жеңімпазы тиісті жылдың бірінші қыркүйегіне дейін анықталады.";

Е р е ж е г е            6 - қ о с ы м ш а д а :

2 "Көлемі" деген бөлімнің б) тармақшасында "инвестициялық" деген сөз " тұрақты" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*